

Аудан әкімдігінің 11.12.2013 жылғы "Ордабасы ауданы әкімі аппаратының, аудан әкімі аппараты және қалалық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидаларын бекіту туралы" № 618 қаулысын күшін жою туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 581 қаулысы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37 бабының 8 тармағына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2013 жылғы 11 желтоқсандағы «Ордабасы ауданы әкімі аппаратының және аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасының қағидаларын бекіту туралы» № 618 қаулысының (облыстық Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 желтоқсандағы № 2440 нөмерімен тіркелген, аудандық «Ордабасы оттары» газетінде 2013 жылғы 28 желтоқсандағы № 52 санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә.Сәдірмекке жүктелсін.

Аудан әкімі

С.Сапарбаев